

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға Қазақстан Республикасы Үкіметінің төтенше резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 123 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қызылорда облысының әкіміне Қызылорда облысындағы Сырдария өзеніндегі қиратушы су тасқынының салдарларын жою мақсатында қорғау бөгеттерін және өзге де инженерлік құрылыстарды қалпына келтіруге, нығайтуға 2005 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға Қазақстан Республикасы Үкіметінің төтенше резервінен 200000000 (екі жүз миллион) теңге бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырсын.

3. Қызылорда облысының әкімі Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігіне 2005 жылы орындалған жұмыстардың көлемі мен құны туралы есеп берсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі